

Әкімдіктің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 166 "Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 тамыздағы № 316 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 қыркүйекте № 3830 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Таран ауданы әкімдігінің "Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 166 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-165 тіркелген, 2012 жылдың 26 сәуірінде "Маяк" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Таран аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) "Қостанай облысы Таран ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп, әскерге шақыру бойынша іс-шараларды ө т к і з у ұ с ы н ы л с ы н . "

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау Басқармасының "Таран орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бас дәрігерінің міндеттерін атқарушы

Ж. Төребекова

"Қостанай облысы Таран ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндеттерін

_____ *А. Кибеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ